Мамытбекова Гүлнұр Құрбанәліқызының 6D120100-Ветеринариялық медицина мамандығы бойынша PhD докторы дәрежесін қорғауға ұсынылған «**Сиырлардың көбею функциясын клиникалық-лабораториялық зерттеу және оны коррекциялау**», диссертациясына

Пікір

Бүгінгі таңда ветеринарлық акушерлік, гинекология және жануарлардың көбею биотехникасының ең өзекті мәселелерінің бірі - сиырлардағы жыныс мүшелерінің патологиясы болып табылады. Төлдеу кезіндегі жатырдың бактериялық ластануынан патологиялар туындап, төлдеуден кейінгі алғашқы екі-үш аптада қабынудың жіті түрі байқалады, содан кейін жатыр патологиясының созылмалы көріністерімен аяқталады.

Ең көп таралған патология көрінісі төлдеуден кейінгі жіті эндометрит болып табылады. Оның жиілігі 38,0 – 47,0%, ал ауру малдар арасында функционалды асқынуларымен – 40,0% асады.

Сиырлардағы төлдеуден кейінгі ауруларды диагностикалауда клиникалық ғана емес, сонымен қатар заманауи лабораторлық зерттеу әдістеріне негізделген әдістердің дәлдігі мен ақпараттылығы маңызды рөл атқарады.

Сиырлардағы жыныс мүшелерінің патологиясын диагностикалаудың жаңа әдістерін әзірлеу төлдеуден кейінгі кезеңде жатырдың инволюциясын диагностикалауға мүмкіндік береді, бұл патологиялық ауытқуларды коррекциялау және айтарлықтай экономикалық шығындардың алдын алуда уақытылы шаралар қабылдауға әсерін тигізеді.

Бұрын сиырлардағы жатырдың патологиясын коррекциялау және емдеу тәжірибесінде жануарлардың ағзасы үшін қауіпті синтетикалық, антибиотикалық, гормоналды және басқа препараттар қолданылған.

Алайда, қазіргі ғылыми медицинада өсімдіктерден алынған дәрі-дәрмектер танымал бола бастады. Фитопрепараттар құрамында биологиялық белсенді заттардың жоғары, биожетімді және организмге зиянсыз бұдан басқа да жануарлардың жақсы төзетін кешенінің болуынан тұрады.

Г.Қ.Мамытбекованың диссертациясы «Ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру» бюджеттік бағдарламалық-нысаналы жобасы шеңберінде орындалды ҚР БҒМ BR06249242-OT-18 «Научное обеспечение ветеринарного благополучия и пищевой безопасности», «Ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру» бағдарламасы ҚР БҒМ AP 19678293 «Разработка теста для визуальной диагностики заболеваний матки у коров».

Г.К. Мамытбекова Қазақстанның Ақмола облысының шаруашылықтарында сиырларда жатырдың төлдеуден кейінгі патологияларының таралуына талдау жүргізді, сиырлардағы жыныс мүшелерінің инволюциясы мен патологияларын анықтау тәсілін әзірледі, төлдеуден кейін жатырдағы клиникаға дейінгі ауытқуларды фармакококоррекциялау үшін *Calligonum leucocladum* B. экстрактынан препараттар алынып, сиырларға фитопрепараттарды қолдана отырып, жіті

катаральды және созылмалы эндометриттерді емдеудің кешенді хаттамалары әзірленді.

Г.Қ. Мамытбекованың диссертациялық жұмысын орындау барысында 15 мақала, оның ішінде ҚР Ғылым және жоғары білім Министрлігі Білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда 5-мақала, Scopus және Web of Science дерекқорына кіретін 86, 82, 47, 30, 30, шетелдік журналдарда 5 мақала, РҒДИ журналындарында 1 мақала, Халықаралық конференциялар материалдарында 3 мақала, пайдалы модельге ҚР-ның 5 патенті алынды.

Ғ.К. Мамытбекованың. «Сиырлардың көбею функциясын клиникалық-лабораториялық зерттеу және оны коррекциялау», 6D120100 – «Ветеринарная медицина» диссертациялық жұмысы PhD докторы дәрежесін алу үшін жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес келеді, ал осы жұмыстың авторына 6D120100 - «Ветеринарлық медицина» мамандығы бойынша ізденіс дәрежесін беруге лайықты.

Ғылыми кеңесшілері:

В.ғ.д., «Ветеринариялық медицина»кафедрасының профессоры Джакупов И.Т.

Профессор И.Т.Жақыповтың қолын растаймын

С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ
Ғалым-хатшы Дерипсалдина Г.М.